

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«МЫРЗАБЕК ДҮЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ №15
МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ГОСУДАРСТВЕННАЯ
ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №15
ИМЕНИ МЫРЗАБЕКА ДҮЙСЕНОВА»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА КЫЗЫЛОРДА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

«02» 08 2025 ж.г.
Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

№ 187
город Кызылорда

Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылардың жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығының 10-қосымша сәйкес «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 10 қарашадағы №64 қаулысына № 320, 1 және 2 тарау 2 тармақшасына сәйкес «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты негізінде 2025-2026 оқу жылында әлеуметтік аз қамтылған білім алушыларды тегін тамақпен қамтамасыз ету мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. 5-11 сыныптар бойынша Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілген қызмет стандарты негізінде 36 білім алушы тегін тамақпен қамтамасыз етілсін. (қосымша 1 бет)
2. Тамақ өндірісінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына тоңазытқыш-технологиялық жабдықтардың жарамдылығына, өнімдердің және дайын тағамдардың сақтау мерзімдері мен жағдайларының сақталуына мониторинг жүргізілсін.
3. Перспективалық ас мәзірінің және тағамдар ассортиментінің тізбесі қалалық тұтынушылар құқықтарын қорғау басқармасымен бекітіліп, ауыз су, дайын тағам өнімдер сапасының және мектеп асханасындағы II ауысымдағы оқушылардың тамақтануы кезіндегі санитарлық ережелерін сақталуын және асқазан, бауыр және басқа маңызды органдардың күрделі ауруына алып келетін коммерциялық сусындарды, тез дайындалатын тамақтарды

(гамбургер, хот-дог, чипсы, сағыздар және т.б) сатуға тыйым салынып, өнімдердің қауіпсіздігін растайтын құжаттардың (сертификат, ветеринарлық анықтамасы) болуын қадағалау, тегін тамақтың сапасын, санитарлық гигиеналық талаптарын бақылау мектеп аяжаны А.Аяпбергеноваға міндеттелсін.

4. Оқушылардың тамаққа уақытылы баруы күнделікті тіркеліп, дәлелді себептермен сабақта болмаған жағдайда сынып жетекшілерінің ескертуін және сынып жетекшілерінің ай сайынғы мәлімет өткізуін қадағалау мектеп әлеуметтік педагогы А.Мухамеджановаға жүктелсін.

5. Тегін тамаққа тізімге алынған білім алушылардың уақытылы тамаққа баруын қадағалап, оқушылардың толық баруын қамтамасыз ету сынып жетекшілеріне тапсырылсын.

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығының 10-қосымша сәйкес «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 10 қарашадағы №64 қаулысына №320, 1 және 2 тарау 2 тармақшасына сәйкес құжаттарын тексеру және толықтырулар енгізу, өтініштерді жаздыру, egov.kz порталы арқылы өтініш берген ата – аналардан анықтама жинақтау, тізім жасау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Мұстақұл мен мектеп әлеуметтік педагог А.Мухамеджановаға тапсырылсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

№15 мектеп-лицей директоры



Г.Тилеуова